

Орпабаева Салтанат Асқатқызы

“Бояулар патшалағына саяхат”



“Күз ғажайыбы” көрмесі




“Бір шаңырақ астында” сурет көрмесі



“Көктем келді” сурет көрмесі



“Мен ғарыштың суретін саламын” сурет пен қол өнер көрмесі



Кенжебаева Амангул Калмухановна

“Алтын күз” 2023 жыл



Бейнеу 50 жыл



Семинар сауықтыру шарасы 2022



“Жолдан абай болайық”



“Еңбек ағашқа күтім жасайық”



Ғарышкерлер күні



Тақырыбы: „Мен кәсіпкер боламын“

Мақсаты: Кәсіпкерліктің негізгі мақсаты тұтынушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін игіліктер өндіру нәтижесінде жүйелі түрде пайда көру.

Бірақ осы мақсатты жүзеге асыру барысында кәсіпкердің алдына қойған басқа да мақсаттары болады: ол жаңа кәсіпорындар мен жұмыс орындарын құрып, осылайша жұмыссыздықты азайту.

Өткізген: тәрбиеші Туркбенбаева Р



Наурыз айының 28-і күні мектепке дейінгі ұйымдар арасында аудандық "Үздік педагог" байқауы өткізілді. Байқауға бөбекжайымыздың тәрбиешісі Алиева Салима қатысып, жүлделі III орынмен марапатталды! Құттықтаймыз 🏆



Бөбекжайымызда 20-ы сәуірде сенбілік болып, тазалық, сырлау, құмдарды тазалау жұмыстары жүргізілді.

#ТазаҚазақстан



Тақырыбы: "Бір шаңырақ астында"

Мақсаты: Балаларға отбасындағы әке мен ананың, баланың рөлін айқындау, ата-ананы сыйлауға, қадірлеуге, татулыққа, бірлікке тәрбиелеу.

Отбасы алтын ұя, киелі шаңырақ болса, сол шаңырақтың мұрагері, ұрпақ жалғасы балалар болып табылады.

Отбасында балалар негізгі тәрбиені ата-анадан алады.

Олай болса баланың бас ұстазы – ата-ана.

Өткізген: бейнелеу маманы Орпабаева Салтанат



“Біз туберкулезды жеңеміз, өмірлерді сақтаңыз” ұранымен 24 ақпан мен 24 наурыз аралығында дүниежүзінде, оның ішінде біздің ауданымызда туберкулезды алдына алу мәселесі бойынша белсенді түрде фтизиопедиатр Шалабаева Ж. дәрігерінің қатысуымен бөбекжайымызда түсіндірме жұмысы жүргізілді.



Бөбекжайымызда 9 наурыз “Жасыл желек- ел мерейі” күні аталып өтті. Соған орай бөбекжай ата-аналарымен тәрбиеленушілері көптеген тал отырғызып ат салысты. Өткізген: шаруашылық меңгерушісі Медетова Сәрсенбибі



Тақырыбы: "Қазіргі жастардың бойындағы рухани құндылықтарды қалыптастыру жолдары"


Мақсаты: Қазіргі жастарды рухани құндылықтар негізінде әлеуметтендіру, жастардың бойында рухани құндылықтарды қалыптастыру мүмкіндіктерін іс-тәжірибе арқылы көрсету, халқымыздың салт дәстүрі, ұлттық ойындары туралы сұрақ жауап алысу.... Ещё



Тақырыбы: «Жаяу жүргіншілер мектебі»

Мақсаты: Балаларға жолда жүру ережесін таныстыру, есте сақтауға үйрету, жол қауіпсіздігін, өз өмірлерін сақтауға тәрбиелеу. Жол белгілерін айыра білу дағдыларын қалыптастыру, жол ережесін білудің маңызды екенін түсіндіру.

Өткізген: тәрбиеші Туркбенбаева Раушан



“Балалар кітапхана” жобасын іске асыру шеңберінде “Мақал сөздің азығы, Жұмбақ-ойдың қазығы” тақырыбы бойынша “Кітап-алтын қазына тақырыбында” тәрбиеші Кукекбаева Нургуль ертеңгілік өткізді. Және де “Мақал сөздің азығы, Жұмбақ-ойдың қазығы” тақырыбында тәрбиеші Кенжебаева Амангүл ұйымдастырылған іс-әрекетін өткізді.



Ұстаздар үйінде Бейнеу аудандық білім ошақтарында қызмет етіп, зейнетке шыққан бірқатар ардагер ұстаздарды Бейнеу ауданының 50 жылдығына арналған мерекелік төсбелгімен марапаттау шарасы өтті. Мерекелік төсбелгіні ардагер ұстаздарға аудан әкімі Рахымжан Шалбаев өз қолымен табыстады. Ұжымның атынан ардагер апайларды шын жүректен құттықтаймыз!



Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні — тарихы тереңде жатқан елдің жаңа заманда өз алдына қайта егеменді ел болған күні. Тәуелсіздік күні мерекесі әр жылдың 16 желтоқсанында аталып өтеді.
Тақырыбы: "Тәуелсіздік шежіресі" аясында өткен тәрбие сағаты.

Мақсаты: Мектеп жасына дейінгі балаларды Отанды сүюге, Қазақстан Республикасының рәміздерін қастерлеуге, құрметтеуге, туған жерге деген сүйіспеншіліктерін арттыруға тәрбиелеу.
Тәрбиеші: Абдыханова А.



2023 жылғы 12 желтоқсан күні ерекше білім беруді қажет ететін 3-6 жастағы мектепке дейінгі балалар арасында облыстық "Үміт" шығармашылық өнер фестивалінің жеңімпаздарын марапаттау шарасында бөбекжайымыздың тәрбиеленушісі Қоблан Хангелдіге "Балалар әлемі" сауда үйінің сертификатымен, ауданымыздың кәсіпкері Р.Тлегенованың демеушілігімен ойыншықтар мен тәттілер табысталды.

Облыстық кезеңде тәрбиеленушісі жоғары нәтиже көрсеткен педагог А.Алданова облыстық оқу-әдістемелік орталығының және Бейнеу аудандық білім бөлімінің Алғыс хаттарымен марапатталды.



"Бейнеу" санаториялық бөбекжайы" КММ-нің зейнеткерлері

Зулпия Кирманова, Мырзабекова Назира Алдиоровна, Абдуллаевна Жаңылхан Ғабдыжамалқызы Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігінің Алғыс хатымен марапатталды. Зейнеткер апайларымызды ұжымның атынан шын жүректен құттықтаймыз!



23 қараша күні мектепке дейінгі ұйымдар арасында облыстық "Үміт" фестивалінің аудандық кезеңіне бөбекжайымыздың тәрбиеленушілері жоғары деңгейде қатыстып жүлделі дипломдармен марапатталды.

"Би ырғағы" номинациясы бойынша Табынбай Нұра жүлделі II орын -жетекшісі Кенжебаева Амангүл

"Сиқырлы қылқалам" номинациясы бойынша Қобылан Хангелді I орын-жетекшісі Алданова Анар
Өмірбай Жансая III орын-жетекшісі Алиева Салима
Тәрбиеленушілерімізді және жетекшілерін марапаттарымен шын жүректен құттықтаймыз!



Тақырыбы: "Күз сыйы"

Мақсаты: Көкөніс пен жеміс жидектерді бақта және бақшада өсетіні жайлы түсініктерін кеңейту. Олардың аталуы, құрамындағы кездесетін дәрумендері адам денсаулығына маңызы жөнінде білімдерін тереңдету.

Тәрбиеші: Төлегенова Р



Тақырыбы: "Күз кереметі"

Мақсаты: Балаларға күз туралы түсінік беру. Күз табиғат ерекшеліктерімен таныстыру. Көкөністер мен жемістерді ажырата білуге үйрету. Тілдің грамматикалық құрлымын жетілдіру, ойлау есте сақтау қабілеттерін дамыту.

Тәрбиеші: Мусилова Г.



Балабақшада қазақ халқының салт-дәстүрімен таныстырудың маңызы.

"Бала тәрбиесі оның табиғи ортасымен халқының салт дәстүрі рухында тәрбиеленетін болса, көкірегі ояу салауатты азамат болып өседі.

Ы.Алтынсарин

Ата-бабадан келе жатқан салт-дәстүрдің қаймағын бұзбай, ұмытылып кетуіне жол бермей, қазіргі қоғамда өте жарасымды етіп қолданып жүрген халықтың бірі қазақ халқы. Халқымыз дәстүрге өте бай.

Мектеп жасына дейінгі балаларды қазақтың салт-дәстүрлерімен таныстыру.

Тәрбиеші: Телегенова Р



"Бейнеу санаториялық бөбекжайы" КММ-сінің қазан айындағы айлық жоспарына сәйкес дене маманы "Ғажайып ойындар" атты балалар арасында жарыс өтті.



Мектеп жасына дейінгі балалардың денсаулығын нығайту және сауықтыруда жаңа технологияларды қолданудың маңыздылығы атты семинарда дене маманы Мұғзи Айнұр өзінің іс тәжірибесімен бөлісті.



Ерекше білімді қажет ететін балалардың ұсақ қол моторикасын дамытудың маңызы және жаттығу түрлері атты семинарда логопед маманы Шыхбаева Шынар өзінің іс тәжірибесімен бөлісті.



25-қазан Республика күні құтты болсын!
Құттықтаймын Қазағым, Республика күнімен. Қазақ елі
жандансын, Нұр төгіліп жүзінен!


#RepublicDayMangystau
#РеспубликакүніМаңғыстау



"Бейнеу" санаториялық бөбекжайы" КММ-сі
"Күз ғажайыбы" көрмесі
Бейнелеу маманы: Орпабаева С.



"Бейнеу санаториялық бөбекжайы" КММ-нің бейнелеу маманы Орпабаева Салатанаттың "Күзгі ағаштар" тақырыбында ұйымдастырылған іс әрекетінен үзінді.



Тақырыбы:Отаным-алтын ұям бесігім

Мақсаты: Балаларды Отанды сүюге,еліміздің рәміздерін қастерлеуге,бай-қуатты ел екендігін мақтан етуге,туған еліне,жеріне деген сүйіспеншілігін арттыруға тәрбиелеу.
Дефектолог маманы: Бекболова.М



"Шынықсаң шымыр боларсың" дегендей
"Бейнеу санаториялық бөбекжайы" КММ-нің таңғы
жаттығуынан үзінді.



2022-2023 оқу жылының қорытындысы бойынша
"Бейнеу" санаториялық бөбекжайы" КММ-сі I-дәрежелі
"Үздік бөбекжай" дипломмен марапатталды.
Бөбекжайымыз биік белестерден көріне берсін құрметті
ұжымдастар!



"Ғарыш тамшылары" зерттеу жұмысы. Мен зерттеушімін байқауында ауданнан, облыстан, республикадан жүлделі орын алған жұмысымыз Ұстаздар күніне орай ұйымдастырылған көрмеде көрсетілді. Соның нәтижесінде Облыстық білім басқармасынан тәрбиешіміз Алиева Салима алғыспен марапатталды. Ұжымның атынан әріптесімізді шын жүректен құттықтаймыз. Алар асулары көп болсын деп тілейміз.



Тақырыбы: "Ұстаз-ұлы есім"

Мақсаты-Балалардың бойына ұстазға деген ерекше жылы сезімді қалыптастыру. Балалар ұстазды құрметтеуге, сыйлауға қадірлеуге, ұстаз еңбегін бағалай білуге үйрету, дамыту. Адамгершілікке, кішіпейілділікке үлкенге құрмет кішіге ізет көрсетуге тәрбиелеу.
Тәрбиеші: Кенжебаева Амангүл.



Маңғыстау облысының білім басқармасының Бейнеу ауданы бойынша білім бөлімінің "Бейнеу" санаториялық бөбекжайы" КММ-нің "Патриоттық әндер", "Егемен ел Қазақстан" тақырыбындағы челленджін "Боранқұл" санаториялық бөбекжайына жолдаймыз.



«Денсаулығым байлығым" апталығы.

Баяндама: "Асық түрлері" (педагогтар арасында)

Мақсаты: Білімділік: Ұлтымыздың негізсіз ұмытылып бара жатқан ойынын жаңғырту, балаларымыздың ойыны туралы түсінік беріп, қызығушылық ояту.

"Көңілді старт" (балалар арасында)

Мақсаты: Ойын кезінде өзін-өзі бақылау арқылы белсенділікке, сенімділікке, қайсарлыққа, батылдыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.

"Көңілді доптар" (балалар арасында)

Мақсаты: Балаларды бір ортақ мақсатқа жұмыла білуге, ұйымшылдыққа баулып, қимыл-әрекетке жаттықтыру.

"Қимылды ойын"

Мақсаты: Балаларды жылдамдыққа, ептілікке, ойынға деген қызығушылығын арттыру.

Дене маманы: Мұғзи А



Тақырыбы:Отбасы махаббаты неде?

Мақсаты: Ата-ана өз баласын жан-жақты түсіну мүмкіндіктерін кеңейту. Баламен өзара қатынасты жақсы түсіну. Бала тәрбиелеудің жаңа дағдыларын меңгеру(ата-аналармен тренинг)

Дефектолог маманы: Бекболова.М



"Бейнеу санаториялық бөбекжайы" КММ-сінің қазан айындағы айлық жоспарына сәйкес дене маманы "Ғажайып ойындар" атты балалар арасында жарыс өтті.



"Менің елім -Қазақстаным" патриоттық әндер
байқауында бөбекжайымыздың тәрбиеленушісі
Кенжеғали Аяла 2-орынмен марапатталды. Аяланы шын
жүректен құттықтаймыз.
Тәрбиеленушімізге алдағы уақытта сәттілік пен жеңістер
тілейміз.
Жетекшісі: Кукекбаева.Н



5 қыркүйек сағат 10:00 де Қазақстан халқы тілдері күніне
орай және М.Жұмабаевтың 130 жылдық мерейтойына
арналған "Мағжан Жұмабаев - заманның заңғар тұлғасы"
тақырыбында диктант жазуға балабақша
қызметкерлеріде қатысты.
[#Бейнеу](#) санаторлық бөбекжайы
[#2023](#) диктант



Тақырыбы: Ата заңым-айбыным!

Мақсаты: Ата заң туралы балаларға түсініктерін кеңейту. Заңның өмірмен байланысын түсіндіру. Отанды қорғауға, сүйеге еліміздің рәміздерін қастерлеп, салт-дәстүрін сақтап, Ата заңымызды құрметтеп, ұлтжандылыққа достыққа тәрбиелеу!

Дефектолог маманы: Бекболова.М




Тақырыбы: "Азат елдің ұланы!".

Мақсаты: Балалардың Отанға деген сүйіспеншілігін ояту, ұлтжандылыққа тәрбиелеу Патриоттық сезімін ояту. Қазақстанның келешегі екеніне көз жеткізу.

Дефектолог маманы: Бекболова.М



Тәрбиеші: Р. Туркбенбаева
Тақырыбы: "Жазғы ойын- сауық" спорттық ойындар
Мақсаты: Балалардың денсаулықтарын ойын қимылдары арқылы нығайту, белсенділігін арттыру. Кедергілерден өтуге үйрету.



Айлық жоспарға сәйкес психолог маманы ата аналарға тренинг өткізді. Тақырыбы "Балалық шаққа саяхат"
Мақсаты: Ата-аналарымызды бір сәтке балалық шағын еске түсіре отырып, өз бала кейпіндегі өмірі мен қазіргі балаларына беріп жатқан тәрбиесіне мән беру.



Ортаңғы "Таңшолпан" тобының бүлдіршіндерімен саяхат.
Тәрбиеші: Кенжебаева А
Компьютер маманы: Орынбасарова Ф



Маусым айының айлық жоспарына сәйкес дене маманының жүргізген жұмысы.


Мақсаты: Балаларға сезім дамыту оқу іс — әрекеті білімдерін ойын арқылы жетілдіріп бекіту.
Дене маманы: Мұғзи.А



"Секіргіш күні"

Мақсаты: Балаларға қимылды ойындар арқылы шапшаңдыққа, икемділікке дағдыландыру болды.

Дене маманы: Мұғзи.А



"Доп күні"

Мақсаты: балаларды белгі бойынша тоқтай білуге жаттықтыру. Допты астынан екі қолмен алға еркін лақтыруға үйрету. Кеңістікте тепе-теңдік сақтап жүруді үйрету. Адымдап, аяқты жоғары көтере, допты еркін пайдалана білуге дамыту.

Дене маманы:Мұғзи.А



Маусым айының жоспарына сәйкес 07.06.2023ж күні
өткен

Тақырыбы:Әлем балалар көзімен асфальтқа сурет
салу

Бейнелеу маманы: Әсетова.Н



Маусым айының айлық жоспарына сәйкес
Мемлекеттік рәміздер күні(ҚР ның елтаңбасы мен туын
карап шығу,қағаз бетіне символдар бейнелеу)
Бейнелеу маманы: Әсетова.Н



"Біз жеңісті жырлаймыз!" аудандық сырттай мәнерлеп оқу байқауында "Бейнеу санаториялық бөбекжайы" КММ-нің тәрбиеленушісі Айберген Айзере III- дәрежелі дипломмен марапатталды. Жетекшісі: Жумадурдиева.Р Ұжым атынан шын жүректен құттықтаймыз!



Спорт-денсаулық кепілі дегендей, мамыр айының айлық жоспарына сәйкес дене маманы бөбекжай қызметкерлері арасында "Көңілді старт" сайысын өткізді. Сайыс жоғары деңгейде өтті. Жүлделі дипломдар берілді.

Дене маманы: Мұғзи.А



Әр шаңырақтың ажары мен базары болған
бүлдіршіндеріміз "Жауқазын өнер фестивалі-2023"
байқауына қатысып,үлкен сахнада үлкен дәрежеде өнер
көрсетті.

"Әнші балапан"номинациясы бойынша "Попурри"
орындап жүлдері ІІ-орынға ие болды.Жетекшісі:
Рзабекова Әсемгүл Рзабекқызы.

Би ырғағы номициясы бойынша "Чукот"биімен өнер
көрсетіп жүлделі І-орынға ие
болды.Жетешісі:Нұрғалиева Гүлханым.

"Бейнеу санаториялық бөбекжайы"ұжымы шын
жүректен құттықтаймыз.



Баяндама. Балабақшада жаңа технологияларды
қолданудың тиімділігі.

(Жас мамандарға кеңес)

Тақырыбы:Балабақшада инновациялық технологияларды
қолдану.

Мақсаты: Инновациялық технологиялардың түрлерін
қарастыру,оқыту мен тәрбиелеуде инновациялық ойын
технологиясының элементтерін пайдалана отырып,жан-
жақты білімді тұлға тәрбиелеу.

Тәрбиеші:Төлегенова Р



Тақырыбы: "Балалалық шақтың қауіпсіздігі" бөбекжай
бүлдіршіндерімен ата-аналар арасында асфальтқа сурет
салу байқауы өтті.Бүлдіршіндер дипломдармен
марапатталды.
Бейнелеу маманы: Әсетова.Н



"Қауіпсіздік шұғыласы" сурет байқауына балабақша
бүлдіршіндері ат салысып дәрежелі дипломдармен
марапатталды.
Ұйымдастырған бейнелеу маманы:Әсетова.Н



2023 жылдың 25-мамыр күні Маңғыстау облысы білім берудің оқу-әдістемелік орталығының ұйымдастыруымен "Бақытты балалық шақ" асфальтқа сурет салу облыстық сырттай байқауы өткізілді. Байқау қорытындысы бойынша "Бейнеу санаториялық бөбекжайы" КММ -ні тәрбиеленушілері ІІ-орынға ие болды.

Жетекшісі: Әсетова Н.С

Ұжым атынан шын жүректен құттықтаймыз.



"Қауіпсіз балабақша" тақырыбында жүргізілетін іс шаралар.

Флешмоб

Хореограф маманы: Нұрғалиева Г



Тақырыбы: Ұсақ қол моториканы дамыту.
 Мақсаты: Қолдың ұсақ бұлшық еттерінің қозғалысы. Қол қозғалысы қаншалықты епті болса соншалықты ойлауы, сөйлеуі жақсы дамиды.
 Дефектолог маманы: Бекболова М



9 мамыр – Жеңіс Күні – ең қымбатты, қуанышты да қайғылы, мәртебелі мейрам, халқымыздың ерлігі мен даңқының жарқын көрінісі болып табылады.

1945 жылдың 9 мамыры... Жылдан-жылға алыстап бара жатқан мерзім. Дей тұрғанмен, Ұлы Жеңістің анық бағасы мен маңызы біздің жадымызда мәңгі орын алған деуге болады. Ұлы Жеңіс тойы – бұрынғы кеңестік халықтардың ортақ, басты мерекелерінің бірі.

Жыл сайын мәңгілік алауы жанына Отан қорғаушыларын, батырларды еске алып, гүл шоқтарымен рахметін айта келгендер жиналады. Біздер де қадірлі ардагерлерге бейбіт өміріміз бен бақытты болашағымыз үшін алғысымызды білдіреміз!



Бүгінгі 7 мамыр Отан қорғаушылар күні мерекелеріңіз құтты болсын! Таусылмас бақыт, мол табыс тілейміз. Шаңырақтарыңыз биік, керегелеріңіз кең, терезелеріңіз тең болсын. Әрқашанда аспанымыз ашық болып, еліміздің тыныштығы бұзылмасын. Еліміздің қорғаны - ер азаматтар! Сіздерді мемлекетімізге адал, елге қайырымды, отбасына мейірімді болыңыздар. Жүректеріңіз оттай лаулап, жандарыңыз әрдайым жас болсын. Қайратты, мақсатты болыңыздар.



"Спорт денсаулық кепілі" таңертеңгілік жаттығу. Дене маманы Мұғзи А



Сәуір айының айлық жоспарына сәйкес дене маманы Мұғзи Айнұр "Сиқырлы доп" ортаңғы топ тәрбиеленушілерімен өткізілген іс-шара өткізді. Бөбекжай бүлдіршіндері дәрежелі дипломдармен марапатталды.



"Бейнеу кітапханасы" ММ-нің ұйымдастыруымен 23-сәуір Дүниежүзілік кітап және авторлық құқықты қорғау күніне арналған "Кітап Шоу-2023" атты кітап фестиваліне белсене қатысқаны үшін "Бейнеу санаториялық бөбекжайы" КММ -нің "Жауқазын" ересектер тобы марапатталды.



Тақырыбы: Бұлт тамшылары. Мақсаты: Балаларды дәстүрден тыс әдіс тәсілдерді қолдана отырып "мақталы таяқша арқылы" ұсақ қол моторикасын дамыту. Алақан бұлшық еттеріне массаж жасау.
Дефектолог маманы: Бекболова Мейргуль



Тақырыбы: "Түстер"
Мақсаты: Негізгі төрт түстерді топтастыруға үйрету (қызыл, сары, көк, жасыл). Ұсақ қол моторикасын дамыту.
Логопед маманы: Досатова Асылтас Досатова



Тақырыбы:Қыз баланың тәрбиесі.

Мақсаты:Бүгінгі қызғалдақ қыздарымыз ертеңгі ибалы
инабатты ана салиқалы әже болуына бойына сіңіру.Қыз
баланың киіміне әшекей бұйымдарына түсінік беру.

Психолог маманы:Қараева Самал



"Табиғатты аялайық"

Мақсаты: Ерекше білімді қажет ететін балаларға
қоршаған ортаны қорғауға үйрету. Тал отырғызу, гул егу
туралы түсінік қалыптастыру! Дефектолог маманы:

Бекболова Мейргүль



Егеменді еліміздің болашағын жалғастырушы ұрпақты туған жерін,елін сүюге,
Отанын қорғай білуге тәрбиелеу, балалардың тілін дамытып , сөздік қорларын молайту және есте сақтау қабілеттерін нығайту.
"Жырлаймын Отанымды"балалар арасында мәнерлеп оқу сайысын өткізген логопед маманы Досатова А... Ещѐ




Сойлеу аппаратының артикуляциялық бөлімін танысу.
Мақсаты; артикуляциялық мүшелерімен таныстыру, тіл дыбыстарын дұрыс айтуға сөйлеу мүшелерін қимыл-қозғалысын жетілдіру.
Логопед маманы Досатова Асылтас.



Ақпан айында "Бейнеу" санаториялық бөбекжайы КММ-де айлық жоспарға сәйкес педагог-психолог Қараева Самал тренинг өткізді.
Тақырыбы: "Жылулық"
Мақсаты: Педагогтардың өзін-өзі ұстай білуге, кез-келген кедергіден шыға білуге бір-біріне деген достық қарым-қатынасын нығайтып ауыз біршілікке шақыру.



15.02.2023 жылы "Бейнеу" санаториялық бөбекжайы" КММ-де айлық жоспарға сәйкес "Өнерлі бүлдіршін 2023" балалар арасында сайыс өткізілді. Ұйымдастырған: Ән-саз маманы: Рзабекова Ә
Хореограф маманы: Нұрғалиева Г
Бүлдіршіндер дәрежелі дипломдармен және статуэткалармен марапатталды.



"Бейнеу" санаториялық бөбекжайы" КММ-де айлық жоспарға сәйкес "Денсаулық сақтау технологиясы бойынша сауықтыру шараларының жаңашыл аспектілері" атты тәрбиешілер арасында бөбекжайішілік семинар өткізілді.



26.01.2023 ж "Бейнеу" санаториялық бөбекжайы" КММ -де хореограф маманы айлық жоспарға сәйкес "Би қимылдарының сыры" атты ашық ұйымдастырылған іс әрекетін өткізді.
Мақсаты: Балалардың эстетикалық қабілеттерін дамыту, дене қозғалыстарының үйлесімділігін, икемділігін қалыптастыру.



"Бейнеу" санаториялық бөбекжайы КММ-де 19.01.2023 жылы "Тіл тағдыры-ел тағдыры атты" айлық жоспарға сәйкес тәрбиеші Бокаева.А балалар арасында мақал мәтел сайысын өткізді

Мақсаты: Балалардың еліне деген сүйіспеншіліктерін дамыту, ана тіліміздің қадір - қасиетін дарыту, туған тіліміздің мәртебесін көтеру, ана тілінде таза сөйл... Ещө



"Бейнеу" санаториялық бөбекжайы КММ -де 18.01.2023 жылы дене маманы айлық жоспарға сәйкес педагогтар арасында "Көңілді спорттық ойындар" атты спорттық сайыс өткізді.Педагогтар жүлделі дипломдармен марапатталды.



Ағымдағы айдың 12 жұлдызында "Бейнеу" санаториялық бөбекжайы" КММ-де айлық жоспар бойынша тәрбиешілер театрландырылған қойылым өткізді. Театр әр балаға қуаныш, қызық, ұмытылмас әсер сыйлайды. Балалардың эстетикалық талғамын, қиялын дамытады.

Мақсаты: Театрландырылған қойылымдар арқылы мектепке дейінгі жастағы балалардың тілін дамыту, байланыстырып сөйлеулерін қалыптастыру, өмірлік оң көзқарастарын тәрбиелеу.



"Бейнеу" санаториялық бөбекжайы" КММ-де 11.01.2023 жыл
Ересек топтарға арналған спорттық ойын өткізілді
Дене маманы Мұғзи.А



"Бейнеу" санаториялық бөбекжайы"КММ-де дене маманы Мұғзи.А "Алақай қыс келді" атты ортаңғы топ балаларға спорттық ойын өткізді



"Бейнеу" санаториялық бөбекжайы" КММ -де "Ғажайып жаңа жыл" атты ертеңгілік өтті. Жаңа жыл құтты болсын.Берекелі жыл болсын.



Психолог Караева.С

Тақырыбы: Отбасы махаббаты неде?

Мақсаты: Отбасы дамуындағы алғашқы қоршаған ортаны қалыптастыру. Ата аналар арасында тренинг өткізді.



"Бейнеу" санаториялық бөбекжайындағы топтардың күзгі серуені.



"Тәрбиесінде қиындығы бар балалар мен психо сергіту жұмыстары"

Мақсаты: Балалардын өмірге бейімделуі мен қалыпты жетілуіне айналадағы адамдардың үлесі зор.

Өткізген психолог маманы Қараева С

